

Әлеуметтік педагог

Лауазымдық міндеттері: Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың міндеттерін, нысандарын, әдістерін, баланың жеке және әлеуметтік мәселелерін шешу тәсілдерін анықтайды. Жеке тұлғаның қоғамдағы өмірге бейімделуін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарында және тұрғылықты жері бойынша білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) тәрбиелеу, білім беру, дамыту және әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асырады. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды патронат, тұрғын үймен, жәрдемақылармен, зейнетақылармен, мүліктік және мүліктік емес құқықтармен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіреді. Таланттардың, ақыл-ой және физикалық қабілеттердің дамуына жағдай жасайды. Бала мен мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар мен әлеуметтік қызметтер арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Мұғалімдермен, ата-аналармен немесе оларды алмастыратын адамдармен өзара әрекеттеседі.

Білуге тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, " Білім туралы ", " Неке және отбасы туралы ", " Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы ", "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: Жоғары педагогикалық білім.